

3. «Прочитай слова без лишнего слога». В игре используются карточки с картинками. Правила игры предусматривают прочтение слов по первым буквам картинок и составление этих слов или из букв, которые пишем в пустых окошках. Каждую картинку называем, выделяем, с какой буквы начинается название, и собираем из этих букв слово, ставя их по порядку слева направо. Ученику предлагается прочитать слова по первым буквам картинок и составить их устно или из набора букв.

4. «Вправо – влево – вверх». Этот приём можно проводить в разных вариантах: «Назови букву, сделай движение», «Не ошибись!», «Назови ответ, выполни движение». На листе бумаги или на слайде пишутся буквы алфавита, а под ними Л, П или В. Буквы из верхних строк проговариваются вслух, а из нижних – выполняются руками (Л – левая рука поднимается рука влево, П – правая рука поднимается вправо, В – обе руки поднимаются вверх).

5. «Найди и прочитай слова на букву В».

6. Приём «Дерево предсказаний». Текст произведения читается не до конца. Строится дерево предположений, у которого ветви будут содержать варианты возможных концовок. В качестве аргументов важно предоставить факты, взятые из самого текста произведения (Какие ситуации предполагают такое развитие события? Какие качества героя могут повлиять на ситуацию?).

7. Приём «Кодирование информации» (используя символы, знаки, рисунки кодируют содержание сказки)

8. Для удержания внимания, снятия усталости и повышения мотивации к работе на уроке позволяет добиться приём «Скажи от имени героя». Он направлен на развитие речи, воображения, ассоциативного мышления. Ученикам предлагаются картинки с изображением предметов окружающего мира. Это могут быть одушевлённые и неодушевлённые предметы. Изображения показываются поочередно. Одно изображение по продолжительности просмотра занимает 5 секунд. Задание ученикам: посмотреть на картинку и оживить её словами, выражая эмоции или чувства от первого лица. Например, показывается картинка с изображением улыбающегося льва. Дети могут предложить такие выражения: «Как мне хорошо!», «Сегодня у меня самый удачный день!», «Хотел бы с кем-нибудь поиграть!» и т.д.

Таким образом, научиться действовать ученик может только в процессе самого действия, а каждодневная работа учителя на уроке, образовательные технологии, которые он выбирает, формируют функциональную грамотность учащихся, соответствующую их возрастной ступени. Поэтому важнейшей в профессиональном становлении современного учителя является проблема повышения его технологической компетентности в области формирования функциональной грамотности, включающей в себя глубокую теоретическую подготовку и практический опыт продуктивного применения современных образовательных технологий на уроке, готовность к их адаптации и модификации с учётом индивидуальных и возрастных особенностей учащихся.

Литература:

1. Мацкевич В., Крупник С.А. Функциональная грамотность // Всемирная энциклопедия: Философия. - Минск, Харвест, 2001. - 312 с.

2. Махмутов, М.И. Проблемное обучение: основные вопросы теории / М.И. Махмутов. – М.: Просвещение, 2009. – 291с.

3. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 38 с.

Смахова Г.А.

«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Президент Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаев жолауында Ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға қажетті қағидаттарды айқындап берді. Жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы ерен білімді, еңбек етуге бейім, кәсіби дағдысы дұрыс, жоғары жауапкершілікті азамат болуы тиіс. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған елеуметтік сұраныс талаптарына сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу

сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, Ыбырай Алтынсарин шығармалары, Ыбырай Алтынсарин оқулары

Өміріміздің жарқын сәттерінде адамды адам етер асыл қасиет бар. Ол – адамның ғұмырлық кезеңінде ақыл иесі болып қалуында. Адам жанының тазалығы, ішкі менінің айқындығы, білімге құштарлық қалыптасатын кезең ұстаздан тәлім алған сәттен басталады. «Ұстаз» атты ұлағатты есімнің қадірін арттырып, қасиетін танығанда бұл тұжырымның маңызы артатыны сөзсіз.

Педагог мәртебесін көтеру аясында ұстаздарға шалқар шабыты мен теңіздей білімін жетілдіруге мүмкіндік көп. Ғылыммен айналысатын магистр ұстаздардың мектеппен тығыз байланыста оқушымен жұмыс жасауының өзі болашақта функционалды сауатты, білімін өміріне пайдалана алатын күзіретті, сауатты ұрпақ қалыптасуына негіз болады. Білім айдыны ақпарат ағынымен қарқынды қарыштап даму үстінде. Ағынсыз судың саситыны анық болса, кешегі білімнің бүгін ескіретіні сөзсіз. Бұл тұста заманымыздың біртуар азаматы, педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытовтың: « Оқыту жігерлі болсын, жігерсіз жасық жұмыстан бала оқытқанда береке шықпайды. Әсіресе, бала оқыту жұмысы қызу, ширақ, жігерлі болғаны дұрыс. Жігерлі болу мұғалімнің сүйегіне біткен сипаты» деп ой тарқатса, ағартушы-педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім–мектептің жүрегі», - дейді. Ұлы педагог бар өмірін қазақ балаларына мектеп ашып, білім жолындағы алғашқы қарлығаштарды ұшырды. Халқын, ұлтын, топырағын кие тұтып, өбіп мейірлене сүю арқылы қылдың ұшы мен ұстараның жүзінде тұрған халқына бағдар беріп, отарлық езгінің тұтқынына қамалса да от жүрегімен, шалқар дария білімімен тағылымды қызмет жасай отырып, оқыту мен оқудың өз заманындағы озық үлгі, машық дағдысын ұстана білді. Бала тәрбиелеу ісі мен әдіс тәсілдерді көркем келістіріп қана қоймай, өзінің мұрат мақсаты мен рухани сұлулыққа жету арманын мына бір хатында: « Мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын, жақсы адамдармен таныс болу, өзімнің ақыл-ойымды білімімді арттыру–мұның бәрі де менің сағат сайын ойлайтын ойым еді.» деп тілге тиек етті. Бұл сөздер - ұстаздық ұлы мұрат жолындағы қайраткердің ой арманы мен ізгі тілегі. Ыбырай атамның идеялары арқылы шәкірт алдындағы өшпес парыз, ұйымдастырушылық, ізгілік қасиеттермен сусындап, көкжиегімізді кеңейтіп келеміз. Жас өркеннің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарын мен талантты тани білу, оның дамуына бағыт бағдар беру ерекше шыдамдылық пен тереңдікті қажет ететін ұстаз биіктігінің бір парасы ғана. Жеке тұлға қалыптастыруда «үлгі алу», принцип ұстану ұлағатты ұстаздың ұлық қасиеттерін ұлықтап, оқушы бойына сіңіруде танымдық қабілеттің тартымды көрінісі болмақ. Ендеше ұлы ұстаздың ұлағатын қалай оқушыларымызға темірқазық қыламыз? Ұрпақ бойына тәрбие мен білімді қатар ұштастырып озат шәкірт тәрбиелеудің тетіктерін өз іс-тәжірибеммен бөлісе отырып, талдаймын.

Оқушылармен сабақ жүргізу әрекеті барысында Ыбырай атамның ойшылдық, өз пікірін қорғай білетін берік ұстаным әрекеттерін басшылыққа аламын. Сын тұрғысынан ойлау мен дамыта оқыту технологияларына негізделген сабақтарға Ыбырай әңгімелерін, өлеңдерін ала отырып, шығармаларындағы шыншылдық, адалдық, ізгілік сияқты асыл қасиеттер оқушының жан-жақты қабілетінің ашылуына, көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Мұндағы шығармашылық сипаттағы сабақтар арқылы оқушылар дербес ізденіп, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алып, өзара ой алмасады.

Сабақ үдерісіндегі шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары, оқылған көркем шығармаға рецензия жазу, тақырып бойынша мәтін құрастыру, реферат қорғау, әдеби кейіпкермен сырласу, баяндама жазып үйрену тақырыптық кештерде өзіндік пікір айту арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңейеді, ғылыми жұмысқа бейім болып, өнер эстетикаға төселеді. Шәкірттердің шығар биігін кемелдендіру мақсатында сыныптан тыс жұмыстар жүргізудің маңызы зор, себебі оқушылардың пәнге қызығушылығын оқу бағдарламасы шеңберінде қанағаттандыру мүмкін емес. Сыныптан тыс жұмыстарға Ыбырай атамның әңгімелері алтын арқау, әдеби сырласу кештерін өткізуге таптырмас өнеге көзі. Дарынды, қабілетті балалардың қабілетін дамытуда ізденімпаздық іс-шаралардың орны ерекше. Атап өтсек:

- Ыбырай мұражайына саяхат. (Ғылыми пікір алмасу)
- Әңгімедегі сом сурет. (көркем жазылған кейіпкер бейнесін қағазға түсіру)
- Алтынсарин оқулары (Өлеңдері мен мысалдарын жатқа айту сайыстары)
- Шешендік шеберлік сайыс сабақтары
- Ыбырай академиясы туралы танымдық сабақ

Жоғарыда келтірілген жұмыстарды белсенді жүргізу арқылы оқушылар шебер сөзден сурет салуға, өзіндік идея айтуға ұмтылады. Қолына қалам алғызады. Тілін байытады, қиялын ұштап, өз бетінше ізденуге мол септігін тигізеді. Жанам деген жүрекке от беретін идеал ұстаз бейнесі осындай қызықты іс-әрекеттер арқылы оқушы көңілінен орын алады. Оқушының іс әрекетіне дұрыс баға беру үшін, педагог ең алдымен оның мотивтерін дұрыс түсіну керек, жеке тұлғаны тәрбиелеу және ұлағатты өмірдің өнегелі ғұмырнамасын талдау да осындай түрткіден туған танымнан туады. Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібіндегі мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі – ғылым, тәрбие. Ыбырай атамның әлі күнге дейін өзектес идеясының тағы бір ұшқыны мына сөздерінен анық көрінеді: «Мектеп халыққа білім берудің бұлағы, олар қазақ даласының кез-келген жеріне ретсіз, рабайсыз орналастырыла салатын болса, түк пайда бермейді. Біздің барлық үмітіміз қазақ халқының келешегі осындай қолайлы мектептерде тұр. Сондықтан мектептерде, жөні түзу, түбегейлі білім берілетін болсын, ғылымнан кенжелік көрген халықтың мектепке ынтасын арттыру үшін оны бітірушілерге қай жөнінен болса да, бір артықшылық жағдай туғызылсын, сонда ғана оқушылардың саны молайып, ынталы жастар өседі. Осылай еткенде ғылыммен қаруланған, дүниетанымы, ой өрісі кеңейген адамдар халық арасында көбейіп, бүкіл қауымға ықпал ете алады...» деген екен.

Ынталы жастың қалыптасуына негіз болатын құзіреттіліктің бір көрінісі- волонтерлік білім. «Волонтерлік білім алушылардың адами әлеуетін ашуға, адамгершілікті тәрбиелеуге және әлеуметтік тәжірибені дамытуға ықпал етеді. Волонтерлік – бұл адалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, достық, мейірімділік, төзімділік және жасампаздық институты.» Адалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, достық, мейірімділік, төзімділік және жасампаздыққа бағытталған волонтерлік білім де Ыбырай шығармаларында кең насихатталған. Оқушының берік тұлға, волонтер жас болып қалыптастыру мақсатында іс-тәжірибемде жазушы әңгімелерін оқудың «Бақша ағаштары» тәсілімен жұмыс жасадым. Әр оқушыны бақшадағы бір тал деп есептеп, өзін бағбаны ретінде әр әңгімедегі бір ізгі қасиеттердің маңызын ашу арқылы шығармаларға талдау жасадым:

«Әке мен бала» әңгімесінде сәл нәрсені қосынып, көңіл бөлмей, аз жұмысты қиынсынып, көп жұмысқа тап болатын баланың іс әрекеті арқылы тақырып ашылады. Жастарды бойкүйездіктен аулақ болып, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу, үлкенге құрмет ұғымдарымен астарласып кете барады. Бұл шығармада еңбек тақырыбымен қатар, жанашырлық, мейірім сипаттары да астарлы оймен жеткізілген. Әкеге жанашырлық, еңбекті бағалау, ата-ананың асыл мінезі еңбекқорлығы сөз болады, еңбек етпей, дайын астың болмайтындығы туралы шебер сипатталады. Осы шығармадағы еңбек формуласын алып, ата анаға қолқабыс тигізудің лайфхактарын ойластырдым.

Телегей теңіздей тәрбиеге толы шығармаларының бірі де бірегейі - «Атымтай жомарт»- әңгімесі. Ешнәрсеге мұқтажы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен анық көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімнен тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен», - дейді. Бүгінгі күні қарны тоқ, көйлегі көк балаларымыздың ата-анаға көмектесіп, мейірім мен ынсапты біліп өсуі Ыбырай идеяларының әлі де маңызын жоғалтпаған құндылық екендігін көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин өз заманында дара туған мотиватор, шебер ұстаздың озық үлгісі. Саналы ғұмырындағы сабақты іс әрекетін рухани құндылықтармен ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу біздің яғни ұстаздар қауымының басты міндеті. Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанатынымыз айқын болса, бала - ертеңгі азамат, қоғам мүшесі. Алтынсарин тағылымынан тәлім алу, өнегесін бойға сіңіру арқылы оқушыларымызды биік шыңдарға жетелеу, мемлекеттің мүддесіне өзі жететіндей етіп қалыптастыру үлкен ұстаздың қолынан келеді.

Әдебиеттер:

1. Ж. Молдағалиев. Таза бұлақ. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1984
2. Ы.Алтынсарин. Өлеңдер жинағы.
3. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті. «Ғылым» баспасы, Алматы, 1979
4. Ы. Алтынсарин. Екі томдық шығармалар жинағы, Алматы, 2003
5. Ә.Сәрсенбаев. Сәулелі жұлдыз іздеген адам. «Қазақстан мұғалімі», 2001
6. З. Қабдолов. Сөз өнері. «Мектеп» баспасы, Алматы - 1976
7. <http://altinsarin.kz/kk/>